

МРНТИ: 15.31.31.

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.19>

Г.А. Момбиева¹, Э.Е. Даулеткалиева²

^{1,2}Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада ойлауға, соның ішінде креативті ойлауға психологиялық сипаттама беріліп, креативті ойлаудың адам өміріндегі, қоғамдағы маңызына баса назар аударылған. Зерттеуші ғалымдар мен танымал адамдардың, философтардың ой-пікірлеріне сүйене отырып, креативті ойлаудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері қарастырылған. Креативке, шығармашылық ойлауға алып келетін продуктивті ойлауға түсініктеме беріп, талдау жасалған. Шығармашылық ойлауға әсер ететін факторлар, шешім қабылдаудағы ұтымды әдіс-тәсілдер көрсетілген. Теориялық тұрғыдан берілген мәліметтерге негіздей отырып, орта мектептің жоғары сынып оқушыларына эксперименттік жұмыстар жүргізілген және оның нәтижесі кесте мен диаграмма түрінде мақалада көрсетілген. Сонымен қатар, креативті ойлауды дамытудың жолдары мен әдістері қарастырылып, Ф. Кунценің морфологиялық талдау әдістемесі мен Фрирайтинг немесе еркін хат әдістемелері туралы баяндалған.

Түйін сөздер: ойлау, креативті ойлау, шығармашылық, продуктивті ойлау, абстракция

G.A. Mombiyeva¹, E.E. Dauletkalieva²
^{1,2} Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

WAYS TO DEVELOP CREATIVE THINKING IN HIGH SCHOOL STUDENTS

Abstract

This article gives a psychological characteristic of thinking, including creative thinking, and pays special attention to the importance of creative thinking in the life of a person and society. The researcher relies on the views of famous personalities, philosophers, and considers the advantages and opportunities of creative thinking. The interpretation and explanation of productive thinking is given, which leads to creativity, creative thinking, and analytical work is carried out. Factors that influence creative thinking, optimal methods and methods of decision-making are presented. Justifying the given theoretical data, experimental work was carried out with high school students, the results of experimental work are presented in the form of tables and diagrams. Also, the ways and methods of developing creative thinking are considered, the method of morphological analysis by F. Kunze and the method of free writing or Freeriting are described.

Keywords: thinking, creative thinking, creativity, productive thinking, abstraction.

Г.А. Момбиева¹, Э.Е. Даулеткалиева²
^{1,2}КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

ПУТИ РАЗВИТИЯ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ СТАРШИХ КЛАССОВ

Аннотация

В данной статье дается психологическая характеристика мышлению, в том числе креативному мышлению, уделяется особое внимание значимости креативного мышления в жизни человека, общества. Исследователь опирается на воззрения известных личностей, философов, рассматривает преимущества и возможности креативного мышления. Дается трактовка и разъяснение продуктивному мышлению, приводящее в креативу, творческому мышлению и проводится аналитическая работа. Представлены факторы, влияющие на творческое мышление, оптимальные методы и приемы принятия решений. Обосновывая приведенные теоретические данные, проведена экспериментальная работа с учащимися старших классов, результаты экспериментальной работы представлены в виде таблиц и диаграмм. Также,

рассмотрены пути и методы развития креативного мышления, описаны методика морфологического анализа Ф.Кунце и методика свободного письма или Фрирайтинг.

Ключевые слова: мышление, креативное мышление, творчество, продуктивное мышление, абстракция.

Қазіргі кезде «мамандардың креативті ойлауы жоғары болса, онда еңбек өнімділігі мен сапасы да артады» деген пікірді қолдаушылар көп. Өйткені, креативті ойлау – бұл мәселеге жаңа көзқараспен қарап, ұтымды шешім шығара алу, қиыннан қиыстырып, жол табу болып табылады. Сонымен қатар, дәстүрлі идеялардан ауытқу және балама шешімдер жасау дегенді білдіреді. Креативті ойлау арқылы әр түрлі ғылыми жаңалықтар, жаңа және бірегей идеяларды ойлап табуға қабілеттілігіміз артатыны анық.

Ричард Фейнман біздің білім беру институттарында репродуктивті ойлау емес, продуктивті оқытуды ұсынды. Оның ойынша, математикамен жақсы таныс, яғни есепке жүйрік адам белгілі бір жағдайларда ойлаудың жаңа әдістерін іске асыруға қабілетті болады [1]. Ақпаратты меңгеру және оны осындай жағдайларда қайта шығару орын алатын ойлау репродуктивті деп саналады. Жаңа білім қалыптастырмай, репродуктивті ойлау өзге рөл атқарады: ол базалық білімді меңгеруге мүмкіндік береді және олардың негізінде таныс міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді [2].

Ойдың дамуына әсер ететін, жаңа өнім пайда болуына әкелетін ойлау продуктивті ойлау деп саналады. Оның жемісі – білімді терең игеру және оларды тәжірибеде, жаңа жағдайларда қолдану. Продуктивті ойлаудың нәтижесі – атауына сәйкес ойлаудың жаңа өнімінің пайда болуы [2]. Ол адамдарды сынамалар мен қателерді пайдалана отырып, түрлі тәсілдермен мәселелерге түрлі жағынан қарауға шақырады.

Табиғатта ешқандай ауытқуы жоқ генофонд өзгермелі жағдайларға бейімделе алмайды [2]. Дәл сол сияқты, егер адам белгілі бір мәселені шешуде жаңа шешу жолдарын таппаса, демек адамның мәселеден шығуы қиындай түседі.

Филипп Рейс 1861 жылы музыканы ойната алатын құрылғыны ойлап тапты. Ол телефонды ойлап табуға екі қадам қалған кезде өзінің өнертабысын қалдырып кетті. Алайда, Германиядағы коммуникация бойынша барлық сарапшылар мұндай құрылғыны өткізу нарығы жоқ екендігін мәлімдеген, себебі бәрі телеграфқа риза болды. Он бес жылдан кейін Александр Грэм Белл телефон ойлап тауып, мультимиллионер болды, ал Германия жаңа қызметтің ең қуанышты тұтынушыларының бірі болды.

1880 жылда Ұлы американдық философ Уильям Джеймс өзінің «Ұлы адамдар және олардың ортасы» эссесінде Дарвин идеялары мен данышпандығының арасындағы байланысты орнатты. Уильям Джеймске Ч.Дарвиннің табиғат дамуы табиғи сұрыпталудан басталады деген теориясын ұнатып, оны шығармашылық ойлауға да қолдануға болады деді [1]. Яғни, шығармашылық ойлаудың нәтижесінде адам белгілі бір проблеманы шешуде жаңа әдістер ойлап табады және соңында тиімді әдістер сұрыпталып қолданылады.

Аристотель метафораны данышпан белгісі деп санады, ол «адам екі түрлі өмір сүру саласының ұқсастығын табуға қабілетті, ерекше дарынға ие» деп айтып кеткен. Мысалы, Александр Грэм Белл адам құлағы мен болат мембрананың тербелістерін қосу арқылы телефонды ойлап тапты. Кішкентай Эйнштейннің сүйікті ағасы Якоб алгебраны оған ойын түрінде үйретті. Есеп мазмұнын өзгертіп, математиканы ойындарға айналдыра отырып, Якоб баланы жұмыс ретінде емес, ойын сияқты мәселелерге қарауға үйретеді. Тапсырманы шешуде ми шабуылына кіріспес бұрын, оны әр түрлі көру қырынан зерттеу үшін кем дегенде бес немесе он жолмен қайта қалыптастыру керек. Ерте ме, кеш пе, сіз қолайлы шешім таба аласыз. Мұнда оның бірнеше тәсілдері берілген:

- 1) оны жаһандық немесе керісінше, жеке ету;
- 2) бүтін бөлікті бөліктерге бөлу;
- 3) сөздерді синонимдерге өзгерту;
- 4) әрекеттер туралы оң тұжырымдар жасау;
- 5) болашақты ауыстыру;
- 6) сұрақтарды пайдалану.

Абстракция – проблеманы қайта құрылымдаудың негізгі принципі болып табылады және ол ең көп идеялар құруға мүмкіндік береді. Леонардо да Винчи білім бөліктердің тұтас бөлінуінің және нақты жағдайға әсер ететін өзара қарым-қатынастар мен негізгі факторларды талдаудың арқасында пайда болады деп санайды.

Токио университетінің профессоры Каора Исикава осы стратегияны диаграммада жүзеге асырды, ол сондай-ақ өзінің сыртқы түріне байланысты «балық сүйегі» ретінде белгілі схеманы құрастырды. Бұл

схема мәселені жан-жақтан қарастырып, оның қозғаушы күшін анықтауға және оны түрлі жолдармен шешуге мүмкіндік береді. Исикава балықты сүйекке салып, түнде қайнатыңыз, оралғаннан кейін, сіз үшін сананы жаңа ойлар мен идеяларды қаншалықты дайындағанын бақылай аласыз деп образды түрде адамның шығармашылық ойлауын дамыту жолын айтып кетті. Аристотель өзінің «Об истолковании» кітабында біз мәселені қою кезінде пайдаланатын сөздер мен сөздер тізбектері біздің оған деген көзқарасымызда маңызды рөл атқарады деп есептеді.

Психологтардың айтуынша, адам айтқан әрбір сөз нақты адам үшін осы тұжырымдаманың мәнін қалыптастырады, яғни креативті ойлаудың басты элементтері – сөздер мен абстракциялар. Абстракциялар бізде жаңа идеяның туындауына себепші болса, сөздер – сол идеяны жүзеге асыратын құрал болып табылады.

Шығармашылық ойлауға қолайлы жеке қасиеттер арасында келесілерді ерекшелейді: өз күшіне сенімділік; қуаныш сезімдерінің үстемдігі; агрессивтіліктің белгілі бір үлесі; тәуекелге бейімділік; біртүрлі және ерекше көрінуден қорқудың болмауы; конформацияның болмауы; юмордың жақсы дамыған сезімі; бай сананың болуы; синестезия феноменін және т.б. бастан кешеді; қиялға деген махаббат. Креативтіліктің дамуына әсер ететін жағдайлар немесе факторлар екі түр болуы мүмкін: ахуалдық және жеке тұлғалық [3].

Біз өзіміздің эксперименттік зерттеуімізде жоғары сынып оқушыларының креативті ойлауын қарастырдық. Зерттеуге Алматы қаласындағы жалпы білім беретін мектептің 15-16 жастағы 10 сынып оқушылары қатысты. Диагностикалық материалдарды бейімдеп, балаларға нақты, түсінікті болу жағын қарастырдық. Содан соң, алдын ала дайындалған стимулды материалдармен жұмыс жасадық.

Шығармашылық ойлау деңгейі суреттің күрделілігімен анықталады, яғни суреттің ең күрделісі бойынша бегіленеді. Ол үшін күрделіліктің бес деңгейін белгілеуге мүмкіндік беретін шкаланы пайдалануға болады.

Бірінші деңгей: геометриялық фигураның пішіні суреттің негізгі бөлшегі ретінде пайдаланған, суреттің өзі қарапайым, толықтыруларсыз және бір фигураны құрайды.

Екінші деңгей: пішін негізгі бөлшек ретінде қолданылған, бірақ суреттің өзі қосымша бөлшектерден тұрады.

Үшінші деңгей: пішін негізгі бөлшек ретінде пайдаланған, ал суреттің өзі белгілі бір сюжетті білдіріп, мұнда қосымша бөлшектер енгізілуі мүмкін.


Төртінші деңгей: геометриялық фигураның пішіні негізгі бөлшек болып қала береді, бірақ суреттің өзі – фигуралар мен бөлшектері қосылған күрделі сюжет.

Бесінші деңгей: сурет күрделі сюжет болып табылады, мұндағы геометриялық фигураның пішіні бөлшектердің біреуі ретінде пайдаланған.

Креативті ойлау күрделілігінің бесінші деңгейі мен суреттерді сапалы орындауы тән болған сыналушылар әдетте көркем өнер іс-әрекетіне (графика, кескіндеме, мүсін) қабілетті болады. Техникалық ғылымдарға, сызуға немесе логика мен философияға бейім адамдар белгілі бір абстракцияларды немесе геометриялық фигураларды бейнелеуі мүмкін. Олардан бөлек, гуманитарлы бағыттылығы тән адамдар адам іс-әрекетімен байланысты сюжеттерді ұнатады, олар адамдарды, олардың бет әлпеттерін немесе антропоморфты заттарды салады.

Кесте 1. Жоғары сынып оқушыларының креативті ойлауының деңгейлері

Деңгейлер	Зерттелінушілер саны	Пайызы %
Бірінші деңгей	14	25%
Екінші деңгей	15	27%
Үшінші деңгей	12	23%
Төртінші деңгей	14	25%
Бесінші деңгей	0	0



Сурет 1. Жоғары сынып оқушыларының креативті ойлауының көрсеткіші

Диагностиканың қорытындысы бойынша, зерттелінушілердің креативті ойлау деңгейлерін дамыту жолдары қарастырылады.

Креативтік ойлауды дамытуға арналған әдістер:

1. Морфологиялық талдау (Ф Кунце). Әдістің мақсаты: берілген тақырып аясында балалардың көп түрлі жауаптарын бере білуін қалыптастыру. Идеяларды бағалау және олардың ең ұтымдыларын анықтау. Комбинацияның көмегімен басты функциямен объектіні іске асырудың шектелмеген нұсқаларын алуға болады. Бұл әдіс мына сапаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- ойлау қабілетін қалыптастыруға;
- балаға вариативтілік принциптерін меңгеруге.

2. Фрирайтинг (ағылш. тегін writing) немесе еркін хат – ми шабуылына ұқсас бірегей шешімдер мен идеяларды табуға көмектесетін техника мен жазу әдістемесі. Бұл белгілі бір уақыт ішінде (әдетте 10-20 минут) баста пайда болған барлық ойларды механикалық жазу. Мәтін редакциялаусыз, өзгертусіз, грамматика немесе стиль туралы алаңдамай жазады [4].

Қорытындылай келе, креативті ойлау басқалардың ойларын бағалау емес, шынайы идеяны қозғау, жаңа білімді ашумен байланысты. Сыни тұжырымы басым адам өзі жаман жасамаса да сынға баса назар аударады, керісінше құрылымдық ойлауы басым адам сынилықты басып кетеді, өзінің пікірлері мен бағалауындағы кемшіліктерді көруге жиі қабілетсіз болып келеді. Креативті ойлау – жетістікке жетелейтін интеллектуалдық үрдіс екендігі ақиқат.

Қазіргі заман психологиясы мен педагогикасында креативтілік психологиялық шығармашылық аумағындағы зерттеулер жүргізуде байқалып отыр. Өйткені, қоғамның тәжірибесі шығармашылық жетістік тұлғалық емес, әлеуметтік мағынаға ие болғандығын мойындап, психология-педагогикалық ойлардың осы мәселеге назар аударуына мәжбүр етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Взлом креатива, как увидеть то, что не видят други/Майкл Микалко; пер. С англ. Александра Коробейников. – 3-е издание. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2018. – 320 с.*
2. <https://4brain.ru/blogхарактеристики> и факторы креатива
3. Роджерс С.Н. Творчество как усиление себя. Вопросы психологии № 1, 1990 г.
4. *Гениальность на заказ / Марк Леви; пер с англ. Олега Мацака. – М. Манн, Иванов и Фербер; Эксмо, 2013. – 224 с.*